

## ЖҰМЫС

### БАСШЫНЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БАҒАЛАУЫ

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты жұмыс істейтін қазақстандықтардың өз басшылары туралы сауалнаманың жауаптарымен таныстырады.

Қызметкерлердің тиімділігі мен олардың жұмысқа қанағаттанушылығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі - бысшылық. «Қызметкерлер көп жағдайда компаниялардан емес, басшылардан кетеді» деген сөзді еске түсіре отырып, қазақстандықтардың өз басшылары жайлы не айтатынына қатысты қоғамдық сауалнама нәтижелерін қарастырайық.

Әлеуметтанулық сауалнамаға республиканың барлық аймақтарында, қала мен ауылда да, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында тұратын жұмыс істейтін респонденттер қатысты.

«Жақсы басшылық» - қазақстандықтар үшін жұмыстың тартымдылығының жетекші факторларының бірі. **Респонденттердің 27,5%-ы үшін жұмыс жақсы басшылықтың арқасында тартымды** (1-сурет).

Респонденттердің 91,4%-ы жалақыны уақытында алатынын, ал жұмыс берушілердің еңбекақы немесе басқа төлемдер бойынша берешегі жоқ деп жауап берді.

Қажет болған жағдайда **респонденттердің 34,7% еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін басшылыққа жүгінеді**. Еңбек құқығын қорғаудың басқа әдістерінің ішінде «басшылыққа жүгіну» жауап нұсқасын таңдаған респонденттердің үлесі ең жоғары екенін атап өткен жөн (2-сурет).



1-сурет. Сізді қазіргі жұмысыңызда не қызықтырады?



2-сурет. Еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Сізде қандай мүмкіндіктер бар?

**Респонденттердің 34,6% жұмыс берушінің өтініші бойынша ешқашан жұмыс орнында қалмайды** (3-сурет).

Ал жұмыс берушінің өтініші бойынша жұмыста қалатын респонденттердің 40,2%-ы - бұл үшін өтемақы алады (4-сурет).

Осылайша, **әрбір үшінші респондент, егер олардың құқықтары мен мүдделері қорғалған жағдайда, бірінші кезекте басшылыққа жүгінеді, және дәл осы «жақсы басшылық» қазақстандықтар үшін жұмыстың тартымдылығының жетекші факторларының бірі болып саналады!**



3-сурет. Жұмыс берушінің өтініші бойынша жұмыста кеш қалу керек пе?



4-сурет. Жұмыс беруші Сіздің жұмыста кеш қалуыңызды өтей ме? (бұл сұраққа жұмыста кеш қалатын респонденттер ғана жауап береді -- 484 респондент (65,4%)

#### Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 1200 респондент. Статистикалық қателік 2,95%-дан аспайды. Өткізілу мерзімі – мамыр 2019 ж.